

мерзімде ұстау арқылы көрсетілген қиындықтарды шешеді де, қылмыстарды ашу мен тергеу барысындағы іздеу қызметіне маңызды нәтиже береді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Самыгин Л.Д.* Расследование преступлений как система деятельности. — М., 1989. — С. 71.
2. *Воронин С.Э.* Проблемно-поисковые следственные ситуации и установление истины в уголовном судопроизводстве. — Барнаул, 2000. — С. 87.
3. *Карагодин В.Н.* Преодоление противодействия предварительному расследованию. — Свердловск, 1992. — С. 118–130.
4. *Бирюков Б.В., Тихомиров О.К.* Принятие решений как предмет методологических и психологических исследований // В кн. *Козелецкий Ю.* Психологическая теория решений. — М., 1979. — 470 с.
5. *Шульц Д.* Теория нечетких множеств и многозначная логика // *Философские науки.* — 1983. — № 6. — С. 121.
6. *Миньковский Г.М.* Понятие предмета доказывания // *Теория доказывания в советском уголовном процессе.* — М., 1973. — С. 139.
7. *Образцов В.В.* Выявление и изобличение преступника. — М., 1992.
8. *Образцов В.А.* Выявление и изобличение преступника. — М., 1997. — С. 74.
9. *О понятии восприятия // Общая психология.* — М., 1970.
10. *Криминалистика.* — М., 1976. — С. 63. Математические модели обнаружения различия // В кн. *Психофизические исследования восприятия и памяти.* — М., 1981. — С. 44–53.
11. *Руководство по расследованию убийств / Под. ред. С.И.Гусева.* — М., 1977. — С. 133.

ӘОЖ 347.93

Қ.Ж.Сатбаева

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты

#### АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ САТЫСЫНЫҢ ҰҒЫМЫ, МАЗМҰНЫ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АЯҚТАЛУЫ

*Современное уголовно-процессуальное законодательство существенным образом изменило подходы к правовой регламентации института приостановления производства по уголовному делу. Расширен перечень оснований для приостановления производства по уголовному делу, усилены гарантии прав участников, чьи интересы затрагивает принятие решения о приостановлении и возобновлении производства по уголовному делу. В данной статье рассматриваются понятие, содержание и формы приостановления производства по уголовному делу.*

*Modern criminal — processual legislation by essential image has change the approaches to legal regulation of the halt production on criminal deal extended list reasons for halt production on criminal deal, escalated warranties of the right participant, whose interests touches decision making about halt and renewal production on criminal deal. In given article are considered notion contents and forms of the halt production on criminal deal.*

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы егеменді Қазақстанды жаңа саяси және экономикалық жүйені қалыптастыруға бағытталған демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде бекітті. Конституция халықаралық-құқықтық актілердің басымдылығын мойындап, мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болып табылатынын жоғары заңдық деңгейде бекітті.

Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құру жолында жеке тұлғаның құқықтық қорғалуына, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін нығайтуға алғы дәрежелі маңыз бөлінуі қажет. Қандай да болсын іс жүргізу ретінде қылмыстық іс жүргізу қызметінің саласына тартылған тұлғалардың құқықтарын қорғау мәселелері ерекше назар аударуды керек етеді. Олардың шешімі қылмыстық қудалау органдарының зорлық-зомбылық үшін жағдайларды болдырмауға, аталмыш тұлғалардың іс жүргізу құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын күшейтуге бағытталуы қажет. Қылмыспен күресті күшейтуде тергеу органдарының маңызы зор. Осыған байланысты қылмыспен күрестің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар, оның құқықтық реттелуі және тәжірибелік

ұсыныстарды мейлінше кең қолдануға ұмтылу проблемалары қазіргі уақытта алғы маңыздылыққа ие болып отыр.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (ҚҰЖК) қабылдануы қылмыстық іс жүргізу құқығының бірқатар институттары бойынша қалыптасқан бұрынғы көзқарастарды қайтадан жаңаша қарауға мәжбүр етті, сот төрелігі жүзеге асырылуы барысында жеке тұлғаның құқықтарына кепілдік беретін жаңа құқықтық институттардың құрылуына жол ашты.

Дегенмен, өзінің ары қарай зерттелуін талап ететін мәселелер де баршылық. Соның ішінде алдын ала тергеуде қылмыстық істер бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға байланысты проблемаларды зерттеу аса маңызды болып табылады. Алдын ала тергеуді тоқтата тұру мәселелерін зерттеу қажеттілігі тәжірибедегі мүдделіліктен туындап отыр. Статистикалық мәліметтердің көрсетуі бойынша, тергеу барысында қылмыстық істердің басым көпшілігі тоқтатыла тұрылады.

Тоқтатыла тұрған істерді талдау олардың көбі бойынша тергеуді аяқтауға бағытталған қажетті шаралардың ұзақ уақыт жүргізілмегендігін көрсетеді. Бұл жағдай тергеушілердің ағымды және тоқтатыла тұрған істер бойынша жұмыстарды көбіне-көп дұрыс үйлестіре алмаулары салдарынан, оларға қажетті назар аударылмағанынан туындайды.

Кейінгі кезеңде дейін қылмыстық істер бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру институтының ғылыми зерттелуіне тиісті назар аударылған жоқ. Аталмыш мәселе бойынша жарық көрген жұмыстарда алдын ала тергеуді тоқтата тұру алдын ала тергеу органдарына қойылатын қазіргі талаптар ескерілмей, жалпылама шеңберде қарастырылады.

Қазіргі уақытта алдын ала тергеуді тоқтата тұру және қайта жаңғырту институтын ғылыми зерттеуге аса қажеттілік осы мәселелерге бірқатар ғалымдардың назарын аударуда. Осыған қарамастан, тоқтатыла тұрған істер бойынша құқықтық реттелу әлі де болса түпкілікті толық деңгейде зерттелген жоқ. Кейде тергеу органдарының тәжірибесінде тоқтатыла тұрған істердің бір іс жүргізуге біріктіру қажеттілігі туындайтыны белгілі. Мұндай жағдайлар қылмыс жасаған бір не бірнеше тұлғаларға қатысты бір немесе әр түрлі тергеу органдарындағы тоқтатыла тұрылған қылмыстық істер болған кезде кездеседі. Тоқтатыла тұрған істердің біріктірілуі қылмыстың нәтижелі ашылуы мен тергеудің сәтті аяқталуының маңызды шешімі болып табылуы тәжірибеде жиі кездесетініне дәлелдер баршылық. Бір немесе бірнеше тоқтатыла тұрған істердің тергеу процесіндегі іспен және екі немесе бірнеше тоқтатыла тұрған істермен біріктірілуі мүмкін. Өйткені тоқтатыла тұрған істердің бір іс жүргізуге біріктірілуі тек жекелеген ведомстволық нұсқаулармен ғана реттеледі.

Алдын ала тергеуді тоқтата тұру істі жүргізудегі уақытша және мәжбүрлі үзіліс болғандықтан, бұл істер бойынша жұмыс алдын ала тергеу органдарының бүкіл қызметінің ажыратылмас бөлігі болып табылады. Осындай әрбір іс бойынша қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы мақсаттарының мүлтіксіз орындалуы қамтамасыз етілуі қажет.

Заң, істі тоқтата тұру негіздерінің сипатына қарамастан, қылмыс іздерін табуға, жинауға және тіркеуге, сонымен қатар істердің барлық нақты жағдайларын ашуға бағытталған іс жүргізуді тоқтата тұру кезіне дейінгі барлық мүмкін болатын тергеу әрекеттерінің толық және сапалы орындалуын талап етеді.

Сонымен қатар тергеушінің басқа да бірқатар шараларды орындауы қажет, оның ішінде қылмыстық іс жүргізу заңымен реттелмеген, айыпкерлердің орналасқан жерін табу және ұстауға, сонымен қатар қылмыс жасаған тұлғаларды анықтауға және айыпкер жоқ жерде де жүргізілуі мүмкін айыпкерлерді емдеу мекемелеріне орналастыруға, оларды емдеу барысына бақылау жасауға және тағы басқа әрекеттерге байланысты жедел-іздістіру шаралары.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 50-бабына сәйкес қылмыстық іс бойынша іс жүргізу толық не тиісті бөлігінде алдын ала тергеуші, тергеуші немесе сот қаулысымен келесі жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін:

- айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауы;
- айыпталушы тергеуден немесе соттан жасырынып қалған не оның тұратын жері басқа себептермен анықталмаған жағдайда;
- айыпталушыны қылмыстық ізге түсу иммунитетінен айыру не оны шетелдік мемлекеттердің беруі туралы мәселелердің шешілуіне байланысты айыпталушының іске қатысуының нақты мүмкіндіктері болмаған кезде;
- айыпталушы жүйкесінің заңда көзделген тәртіпте куәландырылған уақытша бұзылуы немесе өзге де ауыр науқастануы;
- айыпталушының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде болуы;

- соттың аталған қылмыстық істе қолданылуға тиіс заңның немесе өзге де нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға сәйкес еместігін тану не адамның және азаматтың Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандығын шектейтіндігі туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасауы;
- қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін тежеусіз күштің іс-әрекеті;
- тиісті сараптама жүргізу;
- ҚДЖК-нің 55-тарауында көзделген тәртіпте құқықтық көмек алумен байланысты іс жүргізу әрекеттерін орындау.

Басқаша айтқанда, алдын ала тергеуді тоқтата тұру тек қылмыстың болғаны жайлы факті анықталғанда, яғни белгілі тұлғаның құқыққа қарсы әрекетіндегі қылмыс құрамының белгілері тиісті материалдармен дәлелденгенде, ғана мүмкін.

Сонымен, ҚР ҚДЖК бойынша тоқтата тұрылған қылмыстық істердің тоқтатылуы заңмен көзделген материалдық-құқықтық негіздер бойынша да, іс жүргізу негіздері бойынша да мүмкін.

Алдын ала тергеу — қылмыстық іс қозғалғаннан кейінгі қылмыстық іс жүргізу сатысы. Алдын ала тергеу органдары бұл сатыда жасалған қылмыстың барлық мән-жайларын: қылмыс оқиғасын, айыпталушының тұлғасын, оның кінәлілігі мен қылмыстық ниетін, келтірілген шығынның мөлшерін, қылмыстың жасалуына түрткі болған себептер мен жағдайларды және т.б. егжей-тегжейлі анықтауға міндетті. Аталған мән-жайларды анықтап, бағалау алдын ала жүргізіледі, себебі Сот үкімі заңды түрде күшіне енген күнінен бастап қана адам кінәлі болып саналатыны белгілі.

Сонымен, алдын ала тергеу — қылмыстарды ашу, кінәлілерді әшкерелеу, оларды айыпталушы ретінде белгілі бір негізбен тарту, қылмыстық істің барлық мән-жайларын анықтау және қылмыстық іс жүргізудің өзге де міндеттерін шешу бойынша анықтау органдарының, алдын ала тергеу және прокуратураның заңмен реттелген қызметі.

Профессор Н.А.Якубович алдын ала тергеудің мынадай міндеттерін атайды:

- 1) қылмыстарды тез және толықтай ашу, кінәлілерді әшкерелеу;
- 2) қылмыстық істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеу;
- 3) дәлелдемелерді табу және оларды кейін болатын соттық талқылау үдерісінде қолдану үшін іс жүргізу бойынша бекіту;
- 4) кінәсіздерді қылмыстық жауапкершілікке тартуды болдырмау бойынша адамды айыпталушы ретінде тартуды заңдылықпен болдырмау;
- 5) қылмыстық іс өндірісіне айыпталушының қатысуын қамтамасыз ету және оның басқа да қылмыстық әрекеттерге баруын болдырмау;
- 6) қылмыстың келтірген шығын мөлшерін анықтау және оны өтеу шараларын қолдануын қамтамасыз ету;
- 7) қылмыстың жасалуына түрткі болған себептер мен жағдайларды анықтау және оларды жою бойынша шаралар қолдану.

К.К.Панько пікірі бойынша, қызмет түрі ретінде алдын ала тергеудің мынадай өлшем-белгілері бар:

- құзырлы орган қылмыс құрамының объективті жақтарының белгілерін көрсеткен себептер мен жеткілікті айғақтар болса ғана алдын ала тергеу басталады;
- алдын ала тергеу — қашан да қылмыстық процессуалдық әрекет;
- алдын ала тергеуді заңмен белгіленген сотқа дейінгі қылмыстық-процессуалдық әрекетті жүзеге асыруға өкілеттілігі бар арнаулы маман ғана жүргізе алады.

Заңға, қылмыстық-процессуалдық өндірістің принциптері мен жалпы шарттарына негізделген алдын ала тергеу қылмысқа қарсы тиімді күрес жүргізуге, құқықтық тәртіпті нығайтуға, азаматтардың заңдық тәртіпті қалтқысыз сақтауына негіз болады. Сондай-ақ, керісінше, алдын ала тергеуді негізсіз жүзеге асыру, алдына қойған міндеттерді қылмыстық істі қозғау сатысындағыдай жүзеге асыру қоғам мен мемлекетке, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне үлкен зиян келтіретін заңдылықты өрескел бұзу болып табылады.

Алдын ала тергеу сатысында тергеушілер мен анықтаушылардың тергеу барысында қозғалатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, адамға, оның еркін жүріп-тұруы мен тұрғылықты мекенін өз қалауынша таңдап алуына, тұрғын үйлеріне, жеке басы мен отбасының құпияларына қол сұғылмаушылығына кепілдік беретін Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтаулары міндетті. Олардың бұзылмауы үшін алдын ала тергеу және анықтау жүргізетін органдар тергеу мен

іздігі әрекеттерінің әрқайсысын жеке және олардың бәрінің бірдей жиынтықталуын реттейтін қылмыстық-процессуалдық нормаларды бұлжытпай сақтаулары тиіс.

Тергеу тәжірибесінде кездесіп қалатын қылмыстылыққа қарсы күресті «күшейтуді» желеу еткен процессуалдық тұрғыдан ат үсті қарау болмауы керек. Тергеу органдарының тек қылмыстық-процессуалдық заңды сақтауы ғана ақиқатты анықтау мақсатындағы дәлелдемелерді жинап, зерттеуге қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Әрі, керісінше, белгіленген талаптарды сақтамау қылмысқа қарсы күрестің нашарлауына тікелей апарады, өйткені дәлелдемелер өзінің сапасын жоғалтып, қылмыстық жауапкершілікке тартылғанның нақты қылмыс жасағандығына күмән тудырады. Әлбетте, Қазақстан Республикасының аумағында қолданысқа ие, анықтау және алдын ала тергеу барысында қолданылатын барлық заңдар мен өзге де нормативтік актілер сақталуы тиіс. Алдымен қылмыстық-процессуалдық заңның сөз болатындығы, өйткені тек соның ғана нормалары тергеу әрекеттерінің мазмұны мен тәртібін белгілейді.

Қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жан-жақтылық, толық, объективтілік дейтін талаптарға да жауап беруі қажет. Мұндай талаптар тергеу органдарын жасалған қылмыстың барлық мән-жайлары мен сипаты туралы, іс бойынша мәні бар мән-жайларды зерттеуін, барлық дәлелдемелерді ыждағатты бағалуын міндеттейді.

Алданы ала тергеуде жан-жақтылық, толық және объективтілікті сақтап жүргізу қылмыстық іс бойынша қабылданатын шешімнің дұрыстығын білдіретін шарттардың бірі болып табылады. Оларды ойдағыдай орындамау, бір жағынан, дұрыс айыптамаушылыққа, екінші жағынан — жасалған қылмыс үшін жазаланбау қауіпіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Алдын ала тергеудің үлкен заңдық маңызы бар. Ол мынадан байқалады: тергеу органдарының қылмыс пен оны жасаған адам туралы материалдар жинауынан, қылмыстық жауапкершілік жүзеге асады да, басқа адамдардың қылмыс жасауының алдын алу мүмкіндігі туады. Соңғысының тәрбиелік маңызы тергеу барысында қоғамға қарсы әрекеттер мен сезікті мен айыпталушыда жазаланбай қалуы мүмкіндігі туралы түсініктің әрі заңға бағынбаушыларға алдын ала ықпал ету мүмкіндіктері пайда болатынынан ап-айқын көрінеді.

Шытырман оқиғалар немесе фильм көріп отырып, тергеушінің немесе анықтау органдарының қызметінің жеңіл емес екеніне көзің жете түседі. Тергеуді шатастыру үшін қылмыскерлер әр түрлі «қулықтарға» баратыны анық, «іздерін жасыратыны» сондай, куәгерлер мен тергеушілерді өлтіруден де тайынбақ емес. Алдын ала тергеу органдары көзге бірден түсе қоймайтын қылмыс іздерін тауып, сол арқылы қылмысты ашуға ұмтылады.

Экономикалық дағдарыс та істі күрделендіре түсетіндей, алдын ала тергеуді жылдам да толық өткізу үшін қаражат жетпей жататыны бар, ал ұйымдасқан қылмыс жаңа ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланып, қатары өсіп, нығая түсуде.

Алдын ала тергеудің міндеттерін орындауға алдын ала тергеудің жалпы шарттары аталатын заңда белгіленген талаптар жатады. Мұндай жалпы шарттарды бірнеше бөліктерге жіктеуге болар еді. ҚР ҚДЖК-інің 24-тарауына сәйкес бұл шарттарды қылмыстық істерді тергеу барысында қолдануға болатын, соның ішінде процессуалдық мәселелерді шешу үшін қажетіне қарай былайша топталады:

- тергеулік және тергеу орны;
- тергеуді бастауға қажетті алғы шарттар;
- тергеу мерзімдері;
- тергеуге уәкілетті тергеуші және өзге бір тұлғаның процессуалдық дербестігі;
- іс үшін маңызы бар өтініштерді қанағаттандырудың міндеттілігі;
- алдын ала тергеу мәліметтерді жариялауға болмайтындығы;
- қылмыстық істі біріктіру және бөлу;
- ғылыми-техникалық құралдар мен мамандарды пайдалану;
- қылмыс жасауға түрткі болған себептер мен жағдайларды анықтауға шаралар қолдану [1].

Енді біз алдын ала тергеудің басталуына арнайы назар аударып көрелік.

Қылмыстық құрамның объективті жақтарының белгілерін көрсететін мағлұматтар жеткілікті жиналғаннан кейін, қылмыстық істі қозғау туралы қаулы шығарылады. Сонымен бірге кез келген орган не лауазымды тұлға қылмыстық іс қозғауға құқылы, яғни алдын ала тергеуді бастай алады. Тергеу мерзімдері ҚДЖК-інің 196-бабында көрсетілген алдын ала тергеуді керек етпейтін істер бойынша анықтау мерзімі бір аймен немесе жиырма тәулікпен шектеледі. Егер сотқа дейінгі дайындық материалдары қаулы түрінде болуы мүмкін болса, қадағалаушы прокурор оны алдын ала

тергеу мерзімімен теңестіруге құқылы. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу екі айдан артық мерзімде бітпеуі керек. Алдын ала тергеу мерзімі қылмыстық іс қозғалған күннен бастап, айыптау қорытындысымен прокурорға жіберген сәтке немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру немесе іс бойынша өндірісті тоқтата тұру не тоқтату сәтіне дейін созылады.

Алдын ала тергеу мерзімі іс күрделілігіне байланысты аудандық және оған теңестірілген прокурормен — үш айға дейін; істің аса күрделілігіне байланысты облыс прокуроры мен оған теңестірілген прокурормен не олардың орынбасарларымен алты айға дейін тергеушінің қаулысы бойынша созылуы мүмкін. Одан кейінгі мерзімдердің созылуын ерекше жағдайларда Бас әскери прокурор, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры немесе олардың орынбасарлары шешеді.

Көп эпизодты күрделі істер бойынша тергеуді прокурор не тергеу бөлімінің бастығы тергеушілер тобына тапсыруы мүмкін.

Күрделі істерге жататындар:

- бір мезгілде шешуді қажет ететін көп болжамды істер;
- әр түрлі қалалар мен аудандарда қылмыс жасайтын гастролер-қылмыскерлердің қылмысы бойынша;
- көп эпизодты;
- ұйымдасқан сыбайлас қылмыстар;
- қылмысты жасыру үшін әр түрлі тәсілдермен жасалғанынан тергеуге қиындық тудыратындар.

Қылмыстық іс жүргізу міндеттерін алдын ала тергеу мәліметтерін ашық жариялау арқылы шешуге тыйым салынады. Алдын ала тергеу материалдарының сотқа қараудан айырмашылығы қажет деп тапқан көлемде тергеушінің не прокурордың жазбаша рұқсаты бойынша жарияланады.

Алдын ала тергеу өндірісі барысында мынадай әрекеттер жүргізіледі:

- қылмыс жасаған сезіктіні ұстау;
- жауап алу (сезіктіден, айыпталушыдан, куәгерден, жәбірленушіден, сараптамашыдан);
- беттестіру (сезікті, айыпталушы, куәгерлер, жәбірленушілер араларында);
- тануға ұсыну (тірі адамдарды, суреттерді, заттарды, құжаттарды, жануарларды, мәйіттерді, құрылыстарды, жер телімдерін (учаскелерін));
- тінту (орындарды, жер телімдерін (учаскелерін, жеке адамды тінту));
- зат алу (заттарды, құжаттарды, пошта-телеграф корреспонденцияларын);
- мүлікті арестке (қамауға) алу;
- қарау (оқиға болған жерді, жерлерді, орындарды, заттарды, құжаттарды, мәйіттерді);
- мәйітті эксгумациялау;
- куәландыру (айыпталушыны, сезіктіні, жәбірленушінің куәгерін);
- тергеу эксперименті;
- сараптама өткізу;
- салыстырмалы зеттеу үшін үлгілер алу.

Алдын ала тергеудің аяқталу сатысы — бірқатар маңызды міндеттер атқаратын процессуалдық әрекеттердің жиынтығы:

- іс бойынша алынған дәлелдемелерді жүйелеу және талдау;
- мәні бойынша талданып немесе алдын ала тергеудің аяқталғандығы туралы белгілі бір қорытынды шешім шығару үшін (істің тоқтатылуы туралы, медициналық сипатта мәжбүрлеу шараларын қолдану мақсатында сотқа жіберу т.б.) істі сотқа жіберуге дәлелдемелердің жеткіліктілігі (әрине, тергеу жүргізушінің пікірі бойынша);
- материалдардың толық екенін тексеру және кемшіліктерді жою бойынша шаралар қолдану;
- айыпталушыға не оның қорғаушысына істің барлық материалдарымен танысуға беру міндеттілігі;
- сот өндірісіне басқа да қатысушыларды (танысуға көңіл білдірген жәбірленушіні, азаматтық талапкерді және т.б.) алдын ала тергеу жүргізілген іс материалдарымен таныстыру;
- алдын ала тергеу кезінде іс өндірісі бойынша аталған қатысушылардың көмегімен кемшіліктер мен түсінбестіктерді анықтау;
- мұндай кемшіліктер мен түсінбестіктерді жою үшін шаралар қолдану;
- соттың істі қарау барысында айыптаушы және өзге де қатысушыларды өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету.

Алдын ала тергеу сатысында қарастырып отырған қылмыстық істердің мәні мен мағынасын ұғу үшін қазіргі күні дәл осындай ұстаным қалыптасып үлгерді. Онда ұтымды тұстар да жоқ емес. Бірақ оны бірден бір ақиқат деп қабылдаудың да иіні келе бермейді. Өткен жылдардағы Қазақстанның тәжірибесі мен бірқатар елдердің қазіргі заманауи тәжірибесі қылмыстық істерді алдын ала (сотқа дейін) тергеудің аяқталу сатысының көптеген варианттары болуы әбден мүмкін ететіндігін айғақтайды.

Мәселен, революцияға дейінгі Ресейде алдын ала тергеу сот тергеушісінің соттық қарау барысында іс оңтайлы шешілуі үшін жеткілікті дәрежеде дәлелдемелер жиналды дегенде тергеу аяқталды деп есептелетін. Өзінің қорытындысын ол, ең біріншіден, айыпталушыға хабарлайтын. Айыпталушының тілегіне қарай тергеу материалдары таныстырылатын әрі тергеуші оған: «Өзін ақтау үшін ол тағы да материалдар бере ала ма?» деп анықтай түсетін. Сот өндірісіндегі басқа қатысушыларға тергеуші «тергеу аяқталды» деп хабарлайтын, содан кейін ғана «барлық өндірісті прокурорға немесе оның жолдасына» жіберетін. Егер прокурор толық жүргізілген, айыпталушыны сотқа беруге болады деген қорытындыға келсе, осы мәселе бойынша «айыпталушылық акт» түрінде жазылатын өзінің қорытындысын аймақтық сотқа жібереді. Бұл әрекет сотқа беру деп аталған.

Алдын ала тергеудің аяқталу мәселелері бойынша басқа шешімдер басқа елдердің қылмыстық сот өндірісі тәжірибесінде сұрыпталып анықталған.

Қолданыстағы ҚР ҚІЖК-і және РФ ҚІЖК-індегі алдын ала тергеудің аяқталу тәртібі ГФР-ның қалыптасып қалған қылмыстық іс жүргізуі түріне жақындау. Герман прокуроры көптеген қылмыстық істер бойынша істі сотқа жіберу туралы қорытынды шығарып, айыптау қорытындысы деп аталатын процессуалдық құжат толтырады. ГФР ҚІЖК-інің 200 §-на сәйкес бұл құжатта «кінәлі әрекеті үшін айыпталушы, қылмыстың жасалған уақыты мен орны, қылмыстық жаза тартуға құқықтық белгілері бар және қылмыстық заңды қолдануы (айыптау түрінде) көрсетіледі. Одан кейін мұнда дәлелдемелер келтіріліп, сот қарауы жүргізілетін сот пен қорғаушы көрсетіледі». Жеке судья қарастыратын қауіптілігі аз істер бойынша айыптау қорытындысында тергеу барысында анықталған істің барлық мән-жайларын мұқият келтіру міндетті емес. Жедел тәртіппен (жеңіл) қаралатын өндірістегі істерге айыптау қорытындысының қажеттігі шамалы (ГФР ҚІЖК-інің 212 а §-ның 2-бөлігі). Олар бойынша айыптау сот қарауында ауызша айтылады да, оның негізгі пайымдаулары сот мәжілісінің хаттамасында көрсетіледі. Тергеу аяқталғаннан кейін айыпталушыны іс материалдарымен таныстыру міндеттілігі мәселесіне келсек, ГФР ҚІЖК-інде бұл туралы ешқандай нақты нұсқау берілмеген.

Мұндай нұсқаулар Франция ҚІЖК-інде де айғақталмағандықтан, мұның өзі алдын ала тергеуді аяқтаған органдарды айыптаушының істің барлық материалдарымен таныстыру міндеттілігінен толығынан босатады. Сотта қаралатын қауіпті қылмыстық істер бойынша айыптау жасалатын құжатты сөз етер болсақ, ол тергеудің қаулы түрінде судьямен рәсімделінеді. Онда айыпталушы туралы, оның туған жері мен күні-жылы, мекен тұрағы мен мамандығы туралы мәліметтер келтіріліп, сондай-ақ айыптаушыға кінә ретінде тағылатын әрекеттің заңдық саралануы, айып негізді деп санауға негіз болатын қылмыстық ниеттері көрсетіледі (Францияның ҚІЖК-інің 184-бабы).

Англосаксондық сот өндірісінде қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеудің аяқталуына (сотқа дейінгі өндіріс) қатысты мәселелерді шешу үлкен айырмашылықтармен сипатталады. Осындай ерекшеліктердің бірі жарыспалылық принципін өзіндік түсінілуі болып табылады: осындай сот өндірісі қалыптасқан елдерде тергеуді аяқтаған органдардың айыптаушының іс материалдарымен танысуына қарсы болуы қарапайым қатардағы мәселе. Мұнда әр тарап «өзінің» дәлелдемелерін (айыптаушы — айыптаушылық, айыпталушы мен оның қорғаушысы — ақтайтын не жеңілдететін) жинайды. Әр тарап өзінің процессуалдық «қарсыласы» жинаған дәлелдемелерді шешім қабылдайтын сот қарауында бір-ақ біледі. Осы сәтке дейін тараптардың дәлелдемелермен өзара танысулары ерекше тәртіпті сақтауымен жүзеге асады: мәселен, кей жағдайларда айыпталушы сот қарауына дейін өз көрсетпелері жазылған хаттамамен, полиция мәліметтерімен танысу қажет болғанда, хаттамамен танысуды айыпталушыға міндеттейтін бұйрық шығару туралы судьяға өтініш жазады.

Осы топтағы елдерде (Англия, АҚШ және тағы басқа) қылмыстық істі қарауға негіз болатын құжаттар әр түрлі аталуы мүмкін: көбіне олар қауіпті қылмыстар болса айыпталушылық акт не қауіптілігі аз қылмыстар болса, ақпарат деп аталады. Олардың авторлары, әдетте, сот қарауында айыптауды қолдайтын лауазымды тұлғалар (АҚШ-та көбіне, біздің әдебиет көздерінде атто-нея деп атайтын прокурорлар, ал Англияда мұндай қызметті мемлекеттік органдардың шақыруымен адвокаттар — барристерлер) атқарады. АҚШ-та айыптау актісі аталатын құжатты сотқа берілмей тұрып алқа билер алқасы мақұлдауы керек.

Істі қарауға негіз болатын айыптау құжаттарының мазмұнына келер болсақ, ол мейлінше қысқа болуы керек: онда айыптаушы туралы, орны мен уақыты, жасалған қылмыс тәсілі және оның саралануы келтірілуі тиіс. Оған қосымша сот шақырылуы мүмкін адамдардың тізімі беріледі. Дәлелдемелердің тізімі мен талдануы, іс үшін белгілі бір маңызы бар мән-жайлар дәлелденуі не дәлелденбеуі туралы қорытындылар қажет емес.

Бұл мәселені тереңнен қазып, қарастыру барысында көптеген әдебиеттер оқылды. Әдетінде, қылмыстық-процессуалдық заңнамаға сәйкес алдын ала тергеудің екі түрі бар:

- алдын ала тергеу;
- анықтау.

Алайда әдебиеттерде басқа да ұстанымдар бар. Мәселен, К.К.Панько материалдарды хаттамалық түрде сотқа дейінгі дайындауды алдын ала тергеудің үшінші түріне жатқызады [2].

Материалдарды хаттамалық түрде сотқа дейінгі дайындаудың мәнін ғалымдар әр түрлі қабылдайтыны байқалады. Кейбіреулер оны анықтаудың бір түрі деп таныса, басқалары — қылмыстық істі қозғау негіздерін тексеру тәртібі ретінде, үшіншілері әкімшілік әрекет, өз алдына бөлек тергеу деп таниды. Материалдарды хаттамалық түрде «сотқа дейінгі дайындау» ұғымының анықтамасын айрықша «сотқа дейінгі өндіріс» деп атаған әлдеқайда қолайлырақ болар еді.

Өзге ғалымдар, мәселен, Н.А.Якубович, алдын ала тергеудің аралас алдын ала тергеу (алдын ала тергеу міндетті болып келетін істер) және содан кейінгі келетін алдын ала тергеу аталатын түрлері де болады деп біледі.

Бірақ, біздің пікірімше, мұны алдын ала тергеудің үшінші түрі деп айтуға болмайтындай, бұл жерде алдын ала тергеудің бір түрінен (анықтау) алдын ала тергеудің екінші түріне ауысуы байқалады.

Сонымен, қылмыстық-процессуалдық заңнама алдын ала тергеудің екі түрін ажыратады. Олар өзара процессуалдық тәртіппен және оларды жүргізетін органдар арқылы ажыратылады.

Алдын ала тергеудің негізгі түрін, әдетте, әр түрлі ведомстволардың тергеушілері жүргізетін алдын ала тергеу деп тану бар. Кейбір қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу ісі прокурор не сот қажет деп тапқан кезде жүргізіледі. Жасалған қылмыстың сипатына қарамай-ақ, алдын ала тергеу кәмелетке толмағандардың қылмыстық істері бойынша, сондай-ақ физикалық не психикалық кемшілігінен өзінің құқығын қорғауды жүзеге асыра алмайтындардың істері бойынша міндетті саналады. Алдын ала тергеу есі дұрыс еместердің қоғамға қауіпті әрекеті істері бойынша әрі қылмыс жасағаннан кейін жаны күйзеліске ұшырайтындардың істер бойынша да міндетті саналады.

Алдын ала тергеудің екінші түрі — анықтау.

Тергеу және анықтау органдарының өзара тиімді әрекетінсіз жасалған қылмыстың жасалуының мән-жайын толық, объективті және жан-жақты дәлелдеу мүмкін емес. Алдын ала тергеу органдарының өзара әрекеттерінің екі топтық түрі бар:

1. Өзара әрекеттің процессуалдық түрі:

- тергеушінің тапсырмаларын орындау;
- қылмыстық істі қозғау сатысында анықтау органының тергеушіге көмегі;
- алдын ала тергеу жүргізілу міндетті саналатын қылмыстық істі қозғау, олар бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізіп, одан әрі тергеу әрекеттерін жасайтын тергеушіге өткізу;
- жедел іздестіру шаралары негізінде анықтау органдары жинаған мәліметтерді тергеушінің пайдалануы;
- алдын ала тергеу жүргізу міндетті саналатын анықтау органдарының іс бойынша кезек күттірмес тергеу әрекеттерінің өндірісі кезеңінде бірігіп келіскен әрекеттері.

2. Өзара әрекеттердің ұйымдасу түрлері:

- жедел тергеу топтарының құрамында бірігіп жүргізген әрекеттері;
- алдын ала тергеу өндірісін қажет ететін қылмысты табылғандығы туралы анықтау органдарының тергеушіге бірден хабар беруі;
- күрделі және көлемді қауіпті қылмыстарды тергеу үшін тергеушілер мен анықтау бөлімінің қызметкерлерінен құралған жедел-тергеу топтарын (бригадалар) құруды ұйымдастыру;
- тергеулік және жедел-іздестіру әрекеттерін бірігіп келісіп жоспарлау;
- халық алдында түсіндіру және алдын алу шараларын өткізу;
- прокуратура, тергеу, анықтау қызметкерлерінің ведомствоаралық жедел мәжілістері;
- оқу-жаттығуларды бірігіп өткізу [3].

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі. — Алматы: Норма-К, 2002. — 288 б.
2. Паныко К.К. Приостановление и возобновление предварительного следствия. Прекращение уголовного дела / Уголовный процесс России. — Воронеж, 2003. — С. 247–257.
3. Якубович Н.А. Приостановление и возобновление предварительного следствия в аспекте УПК РФ 2001 г.// Уголовное право. — 2002. — С. 81.

К.А.Мусина

Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б.Бейсенова

## ОБЩЕЕ ПОНЯТИЕ ДОГОВОРА ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Мақалада келісім жасасу негізіндегі заңнамаларды шығару және тұжырымдамалық тарапының шарт жиынтығы келісім түсінігі анықталады.*

*In the given article the concept of the agreement is defined as a set of conditions formulated by the parties and sounding in the legislation on which making of contract is based.*

Гражданский оборот выступает в форме товарного оборота. Но «чтобы данные вещи могли относиться друг к другу как товары, — писал К.Маркс, — товаровладельцы должны относиться друг к другу как лица...». Вследствие этого, указывает далее К.Маркс, общественное отношение, будучи товарным по своей экономической природе, принимает вид юридического волевого отношения, формой которого является договор. Отсюда — широкая распространенность договорных отношений, свойственная гражданскому обороту. Ядром договора является свобода воли его участников. Даже при социализме, в условиях обязательного заключения хозяйственных договоров, сохранялась определенная свобода воли контрагентов. Основной концепцией советской цивилистической науки по поводу оснований возникновения хозяйственного обязательства была теория сложного юридического состава: план плюс договор. В процессе ломки социалистических основ хозяйствования общее значение договора изменилось решительным образом. Одна законодательная фраза — «принцип свободы договора» — подрубила корень экономической планово-административной системы социалистического строя и ознаменовала переход к иному обществу. Такой роли договор в истории никогда не выполнял. Договор был только регулятором, но не преобразователем экономических отношений. Договор — один из узловых элементов правового государства в экономике. Он инструмент демократизации экономики, а через нее и общества, ибо по своей природе предполагает независимость, самостоятельность сторон, признание ценности собственного «я» в имущественной сфере. Важнейшее глубинное требование экономики — функционировать по договору. Общество, в принципе, может существовать при минимальной роли договора, но тогда правила обмена заменяются другими: приказными, традиционными, религиозными, нравственными. Цивилизованный же рынок не может прожить без правового договора.

Договор опосредует отношения как между юридическими лицами, так и гражданами. Ввиду отмеченной роли договора он занимает центральное место среди юридических фактов гражданского права, а договорные отношения составляют основную по значимости и подавляющую по численности массу обязательственных правоотношений. Легальное определение договора дается ст. 378 ГК: «Договором признается соглашение двух или нескольких лиц об установлении, изменении или прекращении гражданских прав и обязанностей». Поскольку договор является видом сделки, то к нему применяются правила о двух- и многосторонних сделках. Под договором понимают соглашение двух или нескольких лиц об установлении, изменении или прекращении гражданских правоотношений. Понятие договора отличается от более широкого понятия гражданско-правовой сделки: договор — это не всякая, а лишь такая сделка, которая совершается совпадающими волеизъявлениями двух или нескольких сторон (двух- или многосторонняя сделка). Вместе с тем понятие договора не следует смешивать с понятием обязательства. Обязательства могут возникать не только из договоров, но и из административных актов, односторонних сделок, неправомерных действий и т.д., т.е. носить как договорный, так и внедоговорный характер. Договорным же признается лишь такое обязательство, которое возникает на основе соглашения его участников.